

Целесообразность применения для модификации войлочных деталей комбинаторного метода определяется тем, что новое изделие можно получить при сочетании ограниченного набора частей объемного шаблона, основных и дополнительных материалов, приемов формообразования и декорирования.

Ключевые слова: шерсть, войлок, инновация, дизайн, модификация, маркетинг, мода, физические свойства, одежда.

Alashabaeva U.N.

ANALYSIS POSSIBLE MODIFICATIONS FELT PARTS

Annotation

Production of details of clothing molding is one of the promising areas of technology of garments. Of particular interest is the development of industrial technology molding of felt pieces directly from fibrous materials, bypassing the stage of manufacturing the material. Products made of felt make it possible not only to provide a unique heat-shielding properties of clothing and hygiene, but also get interesting decorative effects.

Extension of the clothes felt constrained by the need to design the material properties and manufacturing a large number of flat and three-dimensional patterns with the release of new models. The modification makes it possible to partially change the shape of the part volume, structure and composition of the felt, which involves only a minor revision of design and technology, and narrows the task of designing materials. The expediency of application for modification of felt parts of the combinatorial method is determined by the fact that a new product can be obtained with a combination of a limited number of parts surround the pattern of basic and additional materials, methods of shaping and decorating.

Keywords: wool, thick felt, innovation, design, modification, marketing, fashion, physical properties, clothing.

ӘОЖ 619.616.929.1

Бегембекова А.К., Абдыбекова А.М.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті,
«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты» ЖШС, Алматы қ.*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕЙБІР ӨНІРЛЕРІНДЕГІ МАЛ ЭХИНОКОККОЗЫНЫҢ ЭПИЗООТОЛОГИЯСЫ

Аннотация

Қазақстанның батыс және оңтүстік өңірлерінде ауылшаруашылығы малдарының эхинококкозына эпизоотиялық мониторинг жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша Алматы облысы, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы өңірлерінде эхинококк цисталарымен залалданған мал үлесінің көрсеткіші жоғары, ірі қара малдар арасында, тиісінше, 30,4%, 57,5%, 30,4%, қойлар арасында – 20%, 70%, 66,6% және ешкілерде 20,2% деңгейінде белгілі болды. Жалпы ауылшаруашылығы малдарының эхинококкозбен залалдануының ең жоғарғы көрсеткіші Оңтүстік Қазақстан облысында екені анықталды.

Кілт сөздер: эхинококкоз, циста, ірі қара мал, қой, ешкі, гельминтология, инвазия.

Кіріспе

Елімізде эхинококкоз ауруының жылдан жылға өсуіне байланысты эндемикалық аймаққа жатқалы біраз жылдар болды. Адамдар арасында аталмыш ауруға шалдығу еліміздің барлық аймағында тіркелген: адам өлімі – 2,4-6,8%, мүгедектер - 3,8-8,7%, аурудың қайта асқынуы – 6,2-16%. Ауру, әсіресе, тұрақсыз жұмыс түрімен айналысатын азаматтар (28,8%) мен 14 жасқа толмаған жас өспірімдер (24,3 %) арасында кең тараған [1].

Еліміздің Оңтүстігі (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары) және Батыс (Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары) өңірлері ерекше эпидемиологиялық аймақ болып саналады. Жыл сайын эхинококкоз ауруымен ауырып, тіркеуде тұрған 1000-нан астам адамға хирургиялық ота жасалынады, яғни бұлар ауруға шалдыққандардың 70 пайызын құрайды [2].

Аурудың республикамызда кең таралуының басты себебі – ауылшаруашылық малдарының осы гельминт түрін көп жұқтыруы. Осы ауру малдардың ішкі ағзаларын итке тамақ ретінде қолданылуынан, ауру қоздырушылары ит ағзасына өтіп, олар аурудың дефинитивті иесіне айналады, яғни паразиттің ары қарай дамуына, таралуына себепші болады [3].

Эхинококкозға шалдыққан жануарлар Қазақстанның барлық аудандарында кездеседі. Сондықтан, ауылшаруашылық малдары эхинококкозы эпизоотологиясын зерттеу және аурудың алдын алудың ғылыми-негізделген шараларын жасау ветеринария ғылымы мен тәжірибесінде ең өзекті мәселе болып қалып отыр.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тақырып бойынша отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерден мәліметтер алынып, талдау жасалды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына зерттеу материалдары Қазақстанның Оңтүстік және Батыс аймақтарынан жиналынды. Жануардың әр түрі бойынша эпизоотологиялық процестің негізгі буындары ретінде эхинококкозды жұқтыру зерделенді және республикамыздың Оңтүстік (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары) және Батыс өңірлерінде инвазияның таралу дәрежесі анықталды.

Қазақстанның Батыс және Оңтүстік өңірлерінде ауылшаруашылығы малдары эхинококкозының эпизоотологиясы кейінгі 10 жыл ішінде алғаш рет анықталды.

Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында эхинококкоздың таралуына басты доминантты ауылшаруашылық малдары анықталды.

Қазақстанның Батыс және Оңтүстік өңірлеріндегі ауылшаруашылық малдарының эхинококкозын ғылыми-негізделген алдын алу шаралары бойынша зерттеулер жүргізілді.

Зерттеулер барысында К.И.Скрябиннің гельминтологиялық сойып зерттеу әдісі [4] қолданылды.

Ең қарапайым әдістердің бірі – толық емес гельминтологиялық зерттеу әдісі арқылы жануарлардың бауыры мен өкпесін жарып қарап, көзге айқын көрінетін гельминттерді тауып, инвазияның экстенсивтілігі (ИЭ, %) мен инвазияның интенсивтілігі (ИИ, эхинококк цисталарының саны) анықталды. Ол үшін, біздің зерттеулерімізде, бауырдың етін сылып тастап, үлкендеу жалпақ ыдысқа салып, эхинококк цисталары бар жоғы тексерілді. Ал өкпені көзбен көріп немесе қолмен басып-сипап, эхинококк цисталарының бар жоғын анықталып, саналды.

Толық емес гельминтологиялық сойып зерттеу әдісі бойынша Алматы қаласы «Алтын Орда» базарының қасапхана пунктінде Алматы облысының әртүрлі аудандандарынан келіп түскен 30 бас қой, 23 бас ірі қара және 7 бас жылқы зерттелінді.

Тараз қаласының әртүрлі қасапхана пунктерінде Жамбыл облысының әртүрлі аудандандарынан келіп түскен 24 бас қой, 94 бас ешкі және 66 бас ірі қара зерттелді.

Оңтүстік Қазақстан облысында толық емес гельминтологиялық сойып зерттеу әдісі бойынша 30 бас қой және 50 бас ірі қара зерттелінді.

Батыс Қазақстан облысында толық емес гельминтологиялық сойып зерттеу әдісі бойынша 37 бас ірі қара, 12 бас қой зерттелінді.

Ақтөбе облысынан толық емес гельминтологиялық сойып зерттеу әдісі бойынша 13 бас ірі қара, 10 бас қой зерттелінді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Қазақстанның Батыс және Оңтүстік өңірлерінде ауылшаруашылығы малдарының эхинококкозына эпизоотологиялық мониторинг жүргізілді.

Қазақстанның әртүрлі өңірлері бойынша 102 бас қой, 162 бас ірі қара, 7 бас жылқыны және 94 бас ешкіні гельминтологиялық әдіс бойынша сойып зерттеу нәтижесінде қой, ешкі мен ірі қараның едәуір бөлігінде эхинококк цисталары анықталып, залалдану дәрежесі 20,2-43,2% аралығында болды, соның ішінде инвазия интенсивтілігі, негізінен, бауыр мен өкпеде байқалды, бірақ жылқыда эхинококк цисталары анықталмады (1-кесте).

1-кесте. Қазақстанның әртүрлі өңірлері бойынша зерттелген ауыл шаруашылығы малдарының эхинококк цисталарымен залалдану деңгейі

Зерттелген мал түрі	Зерттелген мал басы	Залалданған мал басы	ИЭ, %	Анықталған орны	ИИ
Қой	102	44	43,2	Бауыр	1-5
				Өкпе	1-3
Жылқы	7	0		0	0
Ірі қара	162	63	38,9	Бауыр	1-3
				Өкпе	1-8
Ешкі	94	19	20,2	Бауыр	1-3
				Өкпе	1-3

Алматы қаласы «Алтын Орда» базарының қасапхана пунктінде Алматы облысының әртүрлі аудандандарынан келіп түскен 30 бас қой, 23 бас ірі қара және 7 бас жылқы зерттелінді. Сойып зерттелген 30 бас қойдың 6-да эхинококк цисталары анықталып, залалдану дәрежесі 20% болды, соның ішінде инвазия интенсивтілігі бауыр мен өкпеде 1-ден 4 цистаға дейін жетті. Зерттелген 23 бас ірі қараның 7-де эхинококк цисталары анықталып, залалдану дәрежесі 28%, инвазия интенсивтілігі бауыр мен өкпеде 1-3 цистаны құрады. Жылқыда эхинококк цисталары анықталмады (2-кесте).

2-кесте. Алматы облысы бойынша зерттелген ауыл шаруашылығы малдарының эхинококк цисталарымен залалдану деңгейі

Зерттелген мал түрі	Зерттелген мал басы	Залалданған мал басы	ИЭ, %	Анықталған орны	ИИ
Қой	30	6	20	Бауыр	2-4
				Өкпе	1-3
Жылқы	7	0	0	0	0
Ірі қара	23	7	30,4	Бауыр	1-3

Тараз қаласының әртүрлі қасапхана пункттерінде Жамбыл облысының әртүрлі аудандарынан келіп түскен 20 бас қой, 94 бас ешкі және 66 бас ірі қара зерттелді. Сойып зерттелген 20 қойдың 14-де эхинококк цисталары анықталып, залалдануы 70%, ал инвазия интенсивтілігі бауырда 2-3 цистаны, ал өкпеде 1-2 цистаны құрады. Зерттелген 94 ешкінің 19-ы эхинококкты цистамен зақымдалғаны (20,2%) анықталып, инвазиялық интенсивтілігі бауырда да өкпеде де 1-3 циста деңгейінде болды. Зерттелген 66 бас ірі қараның 38-і (57,5%)

эхинококкты цистамен залалданып, инвазиялық интенсивтілігі бауырда да өкпеде де 1-3 циста деңгейінде болды (3-кесте).

3-кесте. Жамбыл облысы бойынша зерттелген ауыл шаруашылығы малдарының эхинококк цисталарымен залалдану деңгейі

Зерттелген мал түрі	Зерттелген мал басы	Залалданған мал басы	ИЭ, %	Анықталған орны	ИИ
Қой	20	14	70	Бауыр	2-3
				Өкпе	1-2
Ешкі	94	19	20,2	Бауыр	1-3
				Өкпе	1-3
Ірі қара	66	38	57,5	Бауыр	1-3
				Өкпе	1-3

Оңтүстік Қазақстан облысында толық емес гельминтологиялық сойып зерттеу әдісі бойынша 30 бас қой және 23 бас ірі қара зерттелінді. 30 бас қойдың 20-сында (66,6%) эхинококк анықталып, инвазиялық интенсивтілігі бауырда 1-2 циста, өкпеде 1-3 циста шамасында болды. Зерттелген 23 бас ірі қара малынан 7-де эхинококк цисталары анықталып, залалдану көрсеткіші 30,4%, инвазиялық интенсивтілігі бауыр мен өкпеде 1-3 циста аралығында болды (4-кесте).

Зерттеу нәтижесі бойынша республикамыздың оңтүстік өңірінде эхинококк цисталарымен залалданған мал үлесінің көрсеткіші ірі қара малдар арасында, тиісінше, 30,4%, 57,5%, 30,4%, қойлар арасында 20%, 70%, 66,6% және ешкілерде 20,2% деңгейінде белгілі болды. Жалпы ауылшаруашылығы малдарының эхинококкозбен залалдануы Оңтүстік Қазақстан облысында жоғарғы көрсеткішті көрсетті.

4-кесте. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша зерттелген ауыл шаруашылығы малдарының эхинококк цисталарымен залалдану деңгейі

Зерттелген мал түрі	Зерттелген мал басы	Залалданған мал басы	ИЭ %	Анықталған орны	ИИ
Қой	30	20	66,6	Бауыр	1-2
				Өкпе	1-3
Ірі қара	23	7	30,4	Бауыр	1-3
				Өкпе	1-2

Зерттеу жұмыстары республикамыздың батыс өңірінде де жүргізілді.

Батыс Қазақстан облысы аудандарынан союға келіп түскен 37 ірі қараның 9-да эхинококк цисталары анықталып, залалдануы 24,3%, ал инвазия интенсивтілігі өкпеде 1-8 цистаны құрады. Сойып зерттелген 12 қойдың 3-де (25%) эхинококк анықталып, инвазия интенсивтілігі бауыр мен өкпеде 2 цистадан болды.

Ақтөбе облысы бойынша сойылған 13 ірі қараның 2-нен (15,3%) эхинококк цисталары табылып, инвазия интенсивтілігі өкпеде 1-4 цистаны құрады. Сойылған 10 қойдың 1-нен (10%) эхинококк цисталары табылып, инвазия интенсивтілігі бауырда 5 цистаны құрады (5-кесте).

5-кесте. Қазақстанның батыс өңірі бойынша зерттелген зерттелген ауыл шаруашылығы малдарының эхинококк цисталарымен залалдану деңгейі

Зерттелген мал түрі	Зерттелген мал басы	Залалданған мал басы	ИЭ, %	Анықталған орны	ИИ
Батыс Қазақстан облысы					
Қой	12	3	25,0	Бауыр	2
				Өкпе	2
Ірі қара	37	9	24,3	Өкпе	1-8
Ақтөбе облысы					
Қой	10	1	10	Бауыр	5
Ірі қара	13	2	15,3	Өкпе	1-4

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері бойынша Алматы облысы, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы өңірлерінде эхинококк цисталарымен залалданған мал үлесінің көрсеткіші жоғары, ірі қара малдар арасында, тиісінше, 30,4%, 57,5%, 30,4%, қойлар арасында 20%, 70%, 66,6% және ешкілерде 20,2% деңгейінде белгілі болды. Жалпы ауылшаруашылығы малдарының эхинококкозбен залалдануының ең жоғарғы көрсеткіші Оңтүстік Қазақстан облысында екені анықталды.

Әдебиеттер

- 1 Кенжебаев С.А. Роль штаммов *E.granulosus* (Batsh, 1786) в эпидемиологии и эпизоотологии эхинококкоза // Исследования, Результаты. - Алматы, 2000. - № 3. - С. 80-81.
- 2 Кенжебаев С.А. Биологические особенности эпизоотологии эхинококкоза на юго-западе Казахстана // Исследования, Результаты. - Алматы, 2000. - № 3. - С. 82-83.
- 3 Эхинококк // Қазақ энциклопедиясы. - 10 том.
- 4 Скрябин К.И. Метод полных гельминтологических вскрытий позвоночных, включая человека. - М., 1928.
- 5 Ивашкин В.М., Контримавичус В.Л., Назарова Н.С. Методы сбора и изучения гельминтов наземных млекопитающих. - М., 1971. - С. 44-57.

Бегембекова А.К., Абдыбекова А.М.

ЭПИЗООТОЛОГИЯ ЭХИНОКОККОЗА В НЕКОТОРЫХ РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Проведен мониторинг эпизоотической ситуации по эхинококкозу сельскохозяйственных животных в западных и южных регионах Казахстана. В южных регионах Казахстана, где расположены Алматинская, Жамбылская и Южно-Казахстанская области удельный вес зараженных цистами эхинококкоза высокий, среди крупного рогатого скота, соответственно, составляет 30,4%, 57,5%, 30,4%, среди овец – 20%, 70%, 66,6% и среди коз – 20,2%. Самый высокий показатель зараженности эхинококкозом среди всех сельскохозяйственных животных установлен в Южно Казахстанской области.

Ключевые слова: эхинококкоз, циста, крупный рогатый скот, овцы, козы, гельминтология, инвазия.

EPIZOOTOLOGY OF ECHINOCOCCOSIS ANIMALS IN SOME REGIONS OF KAZAKHSTAN

Annotation

Monitoring of the epidemiological situation on echinococcosis of farm animals in western and southern regions of Kazakhstan. In the southern regions of Kazakhstan, where the Almaty, Zhambyl and South Kazakhstan regions the proportion of infected cysts of echinococcosis high among cattle, respectively, 30.4%, 57.5%, 30.4%, among the sheep - 20% 70% and 66.6% among goats - 20.2%. The highest rate of infection of echinococcosis among all farm animals set in the South Kazakhstan region.

Keywords: echinococcus, cyst, cattle, sheep, goats, helminthology, invasion.

ӘОЖ 619:616:084

Дінмұхамбетқызы А., Сиябеков С.Т., Турыспаева Ш.Д., Ахметова М.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ТЫНЖЫТАС АУРУЫНЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Алматы қаласындағы Жетісу ауданында орналасқан, «Барыс» ветеринариялық емханасында жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері берілген. Осы мекемеде клиникалық тәжірибеден өтіп жүрген кездегі емханаға түскен ауру иттерді несеп жүйесі ауруларына тексеріс жүргізілген зерттеулер нәтижелері көрсетілген.

Кілт сөздер: тынжытас, рентген, рентгенография, пальпация, уретра.

Кіріспе

Малдәрігерлік салада жұқпалы емес ішкі аурулардың ішінде несеп жүйесі аурулары 10% құрайды. Осы аурудың салдарынан шаруа қожалықтарында, питомниктерде, ит, мысықтар арасында ауру кезіндегі экономикалық тұрғыдағы шығын өте жоғары. Сол аурулардың бірі иттер арасындағы жиі кездесетін тынжытас ауруы.

Несептас (тынжытас) ауруы (Urolithiasis) - организмде зат алмасуы бұзылуымен сипатталатын бүйрек астаушасында, қуықта және уретрада несеп тастары пайда болуымен және олардың шөгуімен қоса жүретін ауру.

Жоғарыдағы мағлұматтарды ескере келе иттердің арасындағы осы ауруға дер кезінде балаулық зерттеулер жүргізіп, малдәрігерлік көмек көрсетілмесе өлім-жітімге әкеліп соқтырады. Иттер арасында жылына 2 рет жоспарлы диспансеризация өткізіліп аурудың себептері анықталып дер кезінде сырқаттың алдын алу керек [1, 2, 3, 4, 5].

Материалдар мен әдістер

Ғылыми-зерттеу жұмыстары Алматы қаласы Жетісу ауданына қарасты «Барыс» ветеринариялық емханасында және Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Клиникалық ветеринариялық медицина» кафедрасының ғылыми зертханасында жүргізілді.

«Барыс» ветеринариялық емханасындағы машықтану тәжірибесі кезінде емханаға түскен иттерді несеп жүйесі ауруларына қоса зерттеулер жүргізілді. Өйткені тәжірибе барысында емханадағы соңғы 3 жыл көлемінде зерттелген иттердің несеп жүйесі ағзаларының ауруымен ауырып емделгені жайлы мағлұматтар белгілі болды. Сондықтан клиникалық зерттеулерге тынжытас ауруымен ауырған иттерді алдық.